

**Әлкей МАРҒҰЛАН:**  
*Батыста бұлдырайды  
Шұнақ шыңы,  
Ағыбай қоныс еткен  
Ердің бірі.*  
*Маңайы  
Сыңсып тұрған  
Сансыз сурет,  
Өнерімен із қалдырған  
Жердің бірі.*

**БАЛТА ақын:**  
*Елге пана Ағыбай,  
Жерге пана Ағыбай.*  
*Ердің ері емес пе едің,  
Егеудің сынығы емес пе едің.*

**Қабылсаят ӘБІШЕВ,**  
Қазақстан Республикасы Конституциялық  
кеңесінің мүшесі.

## Тарихи сабақтастық

Кенесары бастаған қазақтың ұлт азаттық қозғалысының ең бір белгілі өкілі Ағыбай Қоңырбайұлы туралы халық арасында көптеген аңыздар, әңсәнарлар, жырлар сақталған. Міне, бүгін батырдың 200 жылдық тойында осы ақжолтай батыр Тоқырауын, Ақтоғай елімен қандай байланыста болған деген елестіктер де бар. Сол себептен архив қорларын, халық естеліктерімен байланыстыра зерттегенімізде мынадай шежіре беттері ашылды.

Шұбыртпалы елі ісі Қаракесек Сыр бойынан келіп, Арқадан жер алғанда Әлтеке-Сырым елімен қоса келген Қазыбек би екені белгілі. Қызы Маңқаның жоқтауында:

Сырдың бойын жаратпай,  
Арғын баласын өрдіріп,  
Жер әпердің Арқадан, – демей ме?!

Міне, осы Семізбұғыдан бастап, жерге орналасу бірте-бірте Тоқырауын өлкесіне де жеткен. Оған Ә.Бөкейханов зерттеулері мен Жалаңтөстің (Соқыр батыр) Қарағандыда Жидебайдың, Шабанбайдың Нұра бойында, Еламан батырдың Қарамұрында жерленуі дәлел. Сөйтіп, ХVIII ғасырдың аяғында Тоқырауынға Әлтеке-Сырым елімен Шұбыртпалы қоса келіп орналасқан. Олардың жерлері Жәмші, Тоқырауын өзендерінің аралығы.

Ә.Бөкейханов 1906 жылы шыққан «Материалы по киргизскому землепользованию. Каркаралинский уезд» деген зерттеуінде **«Тоқырауын бойында ХІХ ғасырдың бірінші жартысында Ағыбай тоғаны болған. Олар көшіп кеткен соң ол тоған менің өкелерімнің билігіне ауысқан»**. – дейді ол. Жәмші өзенінің бойында Ағыбайдың екінші тоғанының бар екенін де жазған.

Ақтұмсықтағы Сембай диірмен салған тоған әлі күнге дейін бар. Сол Ағыбайдың өзі қазған тоған екенін ақсақалдар да айтып отыр. Ал Шұбыртпалы елінің осы жер деп Кәрсән-Керней болысына көшуі туралы Алматыда 338 қорда (область Сибирских Киргизов) жазылып, сақталған. 1856 жылы Шұбыртпалы старшинасы *Садыр Шолақов пен* бии Ағыбай Қоңырбайұлы өз қарамақтарындағы 188 шаңырақ Шұбыртпалы руын Кәрсән-Керней еліне кешіруге рұқсат сұрап Фон Фридрихске прощение жазады. Сол құжат та Әлтеке-Сырым болысынан Шоңбай Балапанов «келісемін» деп мөр басқан. Келесі жылы осы мәселені талқылау үшін Қарқаралы дуанының 127 бии қатысқан съезі өтеді. Съезде мәселе толық шешіліп, Шұбыртпалы елі Кәрсән-Керней болысына көшірілсін делінген. 127 би тегіс қол қойған құжаттың ішінде Ағыбайдың салған екі көзілдірік – Арғын таңбасы бар.

Бұл орналасу екі жақтың келісімімен, ағайындық жолмен ресми құжатпен шешілген. Әлтеке-Сырым елінің бұл мәселеге баруы, оңтүстікте қалған ағайындардың көптеп келуі. Губернатор приказдарында Ташкенттен көшіп келген қазақтарды ауыл-ауылға тіркеуге рұқсат берілсін деген құжаттар көп. Менің архивімде 1850-1868 жылдар арасында келген көптеген адамдардың тізімі бар. Соның көпшілігі Көшкін руынан. Жер тапшылығы Ағыбай елін қоныс аударуға мәжбүр еткен. (Осы тарихи құжаттарды фото көшірмесі де бар). Сондықтан Ағыбай батыр Кенесары қозғалысында Тоқырауын елінен кетіп, осында қайтып келген. Оны Кенесары қозғалысын тергеген Главное управление Западной Сибири ведомствосының іс-қағазында былайша көрсеткен. «Ағыбай Конурбаев – близкий сподвижник Кенесары Касымова, прописан кибитковладельцем Алтеке-Сарымовской волости Каркаралинского внешнего округа» – дейді (Омбы архиві 366 қор. 3 қор).

Енді Ағыбайдың осы елмен туысқандық мәселесіне көшейік. Тоқырауын болысына көптеген жылдар Шабанбай ұрпақтары Шоңбай, Бөлкенбай, Сейітқали, Жағыпар деген болыстар билеген. Осының ішінде ең бір шоқтығы биік тұлға – полковник Шоңбай Балапанов. Ол туралы өлі жеке жазармыз. Бірақ айта кететін мәселе Бөкейханов тағы басқа зиялылар тарихы Шоңбайға да тіркелген. (Ол туралы тарихи құжаттар архивтерде жатыр. Көшірмелер бар). Осы Шоңбай Ағыбаймен қатты дос болған. Өзінің баласы Бөлкенбайға Ағыбайдың ағасы Дулаттың Патсайы деген қызын әперген. Патсайыдан Сейітқали, Жағыпар болыстар туған. Бөлкенбайдың қызын Ағыбайдың ұлына атастырған. Бірақ кейін ол қыз өліп, Ағыбай қалыңын алмай өзіне тігілген Ақ үйде жатып Бабекеңнің батыр екенін елге айтып, халықтың көзінше «Бұл Кенекең жақсы көрген бір мойын шошқа батыр ғой» деген екен. Сонда Тәтіғұл соғыста мен Кенесарымен бірге болдым дейді. Осы шын ба дегенде, «Әкеліңдер ол – қалжақты. Кенекеңді өтірік өзіл, оспағымен күлдірген, сабазым – деп Тәтіғұлды алдыртыпты. Сөйтсе, Тәтіғұл әскердің қалжыңбас артисі есебінде екен. Кенесары қозғалысында осы елден қатысқан үш адам Ағыбай Бабеке, Тәтіғұл еді.

Ағыбай қартайғанша Бөлкенбай үйіне келіп жүрген Бөлкенбайдың қызын Әлихан Бөкейхановтың інісі Смахан алған. Тарихи сабақтастық деген осы.